

ОҚЫРМАНҒА АРНАУ

Ұлттық сананың жаңғыртушысы, ұлт басылымдарының атасы, Алаш арыстарының үні болған «ҚАЗАҚ» газетіне алдағы 2 ақпанда 105 жыл толады. Қазақ баспасөзінің арғы-бергі тарихын ой көзімен шолатын болсақ, ұлт үшін қызмет еткен басылымдардың көп болғанын көреміз. Алайда солардың арасында «ҚАЗАҚ» газетінің үні де, сөзі де бөлек болды. Өйткені, «ҚАЗАҚ» жарыққа шыққанда халық рухы серпілді, қалғып кеткен ойы оянды. Ел ортақ мүдде төңірегіне топтаса бастады. Жол айқын, мақсат белгілі еді. Ол қазақтың дербестігі, ешкімге тәуелсіз азаттығы. Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов бастаған ұлт көсемдерінің арман-тілегі дүйім жұртты осы биік мақсаттарға жетеледі. Алайда отаршыл империя заманынан аман шыға білген «ҚАЗАҚ» газеті Кеңес үкіметінің Қазақстанға билік орнатуға тырысқан алғашқы күндерінде-ақ, атап айтқанда, 1918 жылдың наурызында біржола жабылды. Көп ұзамай оның құрылтайшылары мен авторларының басым көпшілігі саяси қуғын-сүргін кезінде атылып кетті.

«Ел дертінің себебін ұғып, емін білген» (Мұхтар Әуезовтің 1923 жылы «Шолпан» журналында жазғаны) «ҚАЗАҚ» газеті араға 88 жыл салып, 2006 жылдың 22 наурызында бұрынғы басылымның заңды жалғасы ретінде жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің ұйытқы болуымен №226 санынан қайта жарық көрді.

«ҚАЗАҚ» газетінің екінші тынысын ашқан Қоғабай ағамыз 2014 жылы ауыр науқастан қайтыс болғанда газеттің бар ауыртпалығы Жасұлан Мәуленұлы бастаған редакция ұжымына, редактордың отбасына, Гүлбаршын жеңгей мен ұрпақтарына түсті. Екі жыл көлемінде газетті шығарып келді. 2016 жылдың соңында материалдық жағынан редакцияның қиналғанын көріп, тарихи басылымға демеу болып, редакцияға ғимарат беріп, өз қол астыма алған едім. Қазір газеттің үшінші тынысын ашуға тырысып жатырмыз.

Ең бастысы, газет таралымын арттыру мақсатында өткен жылы біраз істер атқардық. Атап айтқанда, бұрын «Мир Прессітің» Астана мен Алматы қалаларындағы дүңгіршектерінде, ірі сауда орталықтарындағы «нүктелерінде» сатылып келген «ҚАЗАҚ» газеті «Караванның» Алматы қаласындағы 69 дүңгіршектеріне сатылымға түсті. Сонымен қатар, Халықаралық Алматы әуежайында, «Сайран» автобекетінде, «Алматы-1», «Алматы-2» темір жол бекеттерінде, Алматы метрополитенінің 9 бекетінде, «Qazaq Air» ұшақтарында газет тегін таралып жүр. Ұлттық мерзімді басылымдар арасында «ҚАЗАҚ» газеті алғашқы болып осындай қадамға барып отыр.

Рас, бүгінгі «ҚАЗАҚ» газеті тарихи маңызы зор жүкті абыроймен арқалап, зор жауапкершілікті сезініп, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов негізін қалаған, Қоғабай Сәрсекеев қайта жалғаған істі жалғастырып, қазақтың сөзін сөйлеуден еш танбайды. Сондықтан да, газеттің биылғы 105 жылдығын алдағы уақытта республикалық көлемде атап өтетін боламыз.

Махмұт НӘЛІБАЕВ,
«ҚАЗАҚ» газетінің құрылтайшысы

АШЫҚ ӘНГІМЕ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы:

«ЖАҢҒЫРҒАН ҚАЗАҚСТАНДЫ ЗАННАМАЛЫҚ ҚОЛДАУ – ЕЛ ДАМУЫНА ЖАҢА СЕРПІН БЕРЕДІ»



– Қасым-Жомарт Кемелұлы, тоқтаусыз уақыт толқынымен 2017 жылды қорытындылап, биылғы жылды жоспарлайтын кезеңге де келіп жеттік. Сіздің ойыңызша, өткен жылдың есте қалар ерекшелігі неде?

– Ұлы Абай «Сағаттың өзі ұры шықылдаған, өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған», – деген ғой, сынаптай сырғып білінбей өте шығатын уақыт туралы. Сол тоқтаусыз уақыттың тағы бір жылын артқа тастадық. Бір қарағанда, қас қағымда өте шыққандай көрінгенімен, ауқымды жаңғыру жолына түскен Қазақстан үшін де, көз ілеспес жылдамдықпен дамып, күніне қырық құбылып жатқан жаһан үшін де бұл жыл – үлкен өзгерістерге толы болды. Өткен жылдың басында Елбасы халыққа Жолдауында институттық реформаларды бетке алған Қазақстанның қарыштап дамуына қарқын беріп жаңа стратегиялық бағыттарды белгілеп берді. Еліміздің үшінші жаңғыруының басталғанын жария етті. Бұл – теңдессіз тарихи құжат. Оның өзінде саяси реформа, экономикалық және қоғамдық сананы жаһандық дамуға лайық жаңғырту жатыр. Ел экономикасының құрылымдық жаңғыруына бағытталған стратегиялық құжат ел ішінде талқыланып, ғылыми тұрғыда дәйектеліп, көпшіліктен қолдау тапты. Бұл – жылдың басты ерекшелігі.

Жылдың екінші ерекшелігі, Елбасының рухани жаңғырудың басталғанын паш еткен мақаласы. Мақала ұлт рухын көтерді. Намысын жаныды. Ұлттық сананы жаңа сапаға көтерудің жалпы бағытын белгілеп берді. Елбасының бұл мақаласында біздің қоғамның идеологиялық жаңғыру бағыты анықталды. Онда айтылған ұсыныстарда, шын мәнінде, Қазақстанның өркениеттік таңдауы айқындалды. Рухани жаңғыру бағдарламасын біртіндеп жүзеге асыра отырып, халқымыз болашақта тарихын мақтан тұтатын және заманауи дамудың алдыңғы сабында жүретін озық ұлттың үлгісін әлемге көрсетуі қажет.

Жылдың үшінші ерекшелігі, Президенттің бірқатар өкілеттіктерінің Парламент пен Үкіметке берілуі. Осыған орай, Парламент Конституцияға түзетулер қабылдады. Қызмет атқарып жүрген мемлекет басшысы құзыретін биліктің тармақтарына өз еркімен беруі, дүниежүзіндегі саяси өмірде өте сирек кездесетін құбылыс.

Жылдың төртінші ерекшелігі, Қазақстанның БҰҰ

Қауіпсіздік Кеңесіне мүше болуы. Бұл – отандық дипломатияны күрделі жаһандық мәселелерге тікелей қатыса алатын жаңа деңгейге көтерді. Сондай-ақ БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Президент Н. Назарбаевтың «Әлем. XXI ғасыр» манифесінде көтерілген ядролық қаруды таратпау, терроризммен және экстремизммен күресу туралы халықаралық бастамасын жүргізуде беделді алаң болып табылады.

Жылдың бесінші ерекшелігі, «ЭКСПО-2017» көрмесінің Астанада өтуі. Халықаралық шараның биік деңгейде ұйымдастырылуы еліміздің бесінші ерекшелігі, «ЭКСПО-2017» көрмесінің Астанада өтуі. Халықаралық шараның биік деңгейде ұйымдастырылуы еліміздің

халықаралық қауымдастық алдындағы абыройын асқақтатты. Астанада өткен «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі энергетикалық және экологиялық мәселелерді шешуге арналған интеллектуалдық технологиялар саласындағы алдыңғы қатарлы тәжірибелермен алмасуға мол мүмкіндік берді. Көрменің ұйымдастырушысы ретінде Қазақстан қазіргі және болашақ ұрпақ үшін табиғи ресурстарды үнемдеп пайдалану мақсатында жаһандық күш-жігерді біріктірудің барлық мүмкіндіктерін пайдаланды.

Көрме ұлттың интеллектуалдық өсуіне серпін берді, еліміздің бейбітсүйгіш саясаты мен төл мәдениетін әлемге танытуға жол ашты. Экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуына тың мүмкіндік беретін тиімді келісімдер жасалды.

– Елбасы Парламент сессиясының ашылуы барысында қос Палатаның алдына нақты міндеттер қойып, еліміздегі реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жалғастырудың маңыздылығын атап өткен еді. Парламент Елбасы алға қойған міндеттерді толық орындай алды ма?

– Парламенттің 2017 жылғы қызметі негізінен «Үшінші жаңғыру» Жолдауын заңнамалық тұрғыда қолдауға бағытталды: жаңа Салық және Кеден кодекстері қабылданды, әкімшілік және қылмыстық заңнаманы ізгілендіру бойынша жұмыстар жүргізілді, үш жылдық бюджет туралы, басқа да ел өміріне аса қажетті, маңызды заңдар қабылданды. Мәселен, жақында ғана Парламент қабылдаған ақпарат және коммуникацияға қатысты заң Елбасы алға қойған «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруға қажетті заңнамалық негіз болары анық. Ал бұл бағдарламаның табысты жүзеге асуы экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы туралы міндеттердің орындалуына жол ашады. Сондай-ақ, Ұлт жоспарының, Жолдаудың және қолданыстағы бағдарламалардың орындалуына қолдау қамтамасыз етілді. Парламент Мемлекет басшысы сессия ашылуында алға қойған міндеттерді толығымен орындады.

– Жыл соңында өткенді қорытындылап, болашаққа жоспар құру қалыпты үрдіс. Парламенттің биылғы жылғы қызметі, ұйымдастырылатын

шаралар жоспарланып қойған болар?

– «Бүгінгі уақытпен өмір сүр, ертеңгі күнге үмітпен қара» дейтін қанатты сөз бар. Парламент халықтың бүгінгі өмірін реттейтін заңнамалар қабылдап, заман ағымынан озық қызмет етсе ғана еліміздің ертеңге деген үміті жарқын болмақ. Сондықтан да Елбасы бытыр өз өкілеттілігінің үлкен бөлігін Парламентке берді. Өкілеттілігінің ұлғаяуымен қатар қос Палатаның кемел келешекті жақындату жолында атқаратын жұмысы да, жауапкершілігі де еселене түскені анық. Палатаның 2018 жылға арналған негізгі шаралар жоспары бекітілді. Депутаттар биылғы жылы Президент Н. Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыруды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыратын болады. Сенатта халық денсаулығы кодексінің жүзеге асуы, банк секторының рөлі, «Цифрлық Қазақстанның» орындалуы, сондай-ақ құқық қорғау қызметінің мәселелері, тағы да басқа халықты толғандыратын тақырыптарда парламенттік тыңдаулар ұйымдастыру жоспарланған. Сондай-ақ, бытыр Сенатта өткен орта білім беру жүйесінің проблемаларына арналған парламенттік тыңдаулар ұсынымдарының орындалуы барысы пысықталып, еліміздің «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасының жүзеге асуы туралы үкіметтік сағат өткізілетін болады. Одан басқа, заңнаманы жетілдіру, мемлекеттік және жекелеген салаларды дамыту бағдарламаларын іске асыру мәселелері бойынша депутаттардың мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың басшыларымен ондаған кездесулері мен дөңгелек үстелдер өткізу де жоспарланды.

Сенат қызметінің маңызды бағытының бірі – халықаралық және парламентаралық ынтымақтастықты нығайту жұмысы да жоспарлы түрде жүзеге асырылады. Сенаторлар парламентаралық ынтымақтастықтың көптаралық құрылымдарының отырыстары мен форумдарына қатысады және шет мемлекеттердің заң шығару органдарымен өзара іс-қимыл жөніндегі жұмыс топтарындағы жұмыстарды жалғастыратын болады.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VI Съезі биылғы жылдағы ерекше шаралардың бірі. Президент Н. Назарбаевтың бастамашылығымен дүниеге келген Съезд – Қазақстанның халықаралық аренадағы саяси салмағын одан әрі асқақта түскен маңызды іс-шара болып табылады. Елбасы Съездерде көпұлтты және көпкәсіпшілік қоғамда дінаралық келісімді сақтаудың қазақстандық үлгісі мен тәжірибесін әлемге паш етіп келеді. Кезекті форумда да әлем алдында тұрған жалпы адамзатқа ортақ өзекті мәселелер көтеріледі. Діни көзқарастарға қатысты даулардың себептері мен салдары, дінаралық төзімділік пен ынтымақ, әр ұлттың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау, әлемдегі халықаралық шиеленістерді шешуге қатысты ұсыныстар беру, жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы бірлесіп үндеу қабылдау сияқты мәселелер талқыланады.

Жыл аяқталды. Қазақстанды әлемге дамыған елдер қатарынан орны алуға ұмтылған амбициясымен, толеранттылығымен және бейбітшілік, бітімгер ел ретінде танытқан Тәуелсіздіктің 26-шы жылы Ұлы тарих қойнауына енді. Елбасының «Ұлы тарих кемел келешекке жетелейді!» деп айтқанындай, кемел келешекке қажетті заңнамаларды қабылдау қызметін Парламент жаңа жылда тың күш-жігермен жалғастыратын болады.

– Ашық әңгімеңізге алғыс білдіреміз!

Сұхбаттасқан:
Әділбек ҚАБА